Бір көзден алу тәсілімен Заңның 16-бабының 3-тармағының 32-тармақшасы бойынша мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруға негіздеме

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2024 жылғы 1 шілдедегі №106 Заңының (Әрі қарай -Заң) 5 бабының 1-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру мынадай қағидаттарға негізделеді:

1) мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны, оның ішінде сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бағасы мен сапасы арақатынасын қамтамасыз ету арқылы оңтайлы және тиімді жұмсау;

2) осы Заңда көзделгеннен басқа жағдайларда, әлеуетті өнім берушілерге мемлекеттік сатып алуға қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру;

3) әлеуетті өнім берушілер арасындағы адал бәсекелестік;

4) мемлекеттік сатып алу процесінің ашықтығы мен айқындығы;

5) отандық тауар өндірушілерге, сондай-ақ жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді отандық берушілерге Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға қайшы келмейтін шамада қолдау көрсету;

6) мемлекеттік сатып алу субъектілерінің жауапкершілігі;

7) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарына, мүдделер қақтығысына жол бермеу;

8) орнықты мемлекеттік сатып алуды дамыту.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығы «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қағиданың 410-тармағына сәйкес (бұдан әрі - Қағида), баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алу, егер осындай біртекті тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің құндық мәндегі жылдық көлемі тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің сегіз мың еселенген мөлшерінен аспаса, біртекті тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге жүргізіледі. Бұл жағдайда баға шешуші шарт болып табылады.

Бұл ретте, **баға шешуші шартқа байланысты**, сатып алынатын тауарлар, жұмыстар мен қызметтер сапасы көбіне тек бағаға негізделіп таңдалады. Нәтижесінде сапасы төмен тауарлар, жұмыстар мен қызметтер алынады, яғни бағасы мен сапасы арақатынасына теріс әсер етеді.

2022 жылдан 2024 жылға дейінгі кезеңде тауарлар мен қызметтер баға ұсыныстарын сұрату, ашық конкурс арқылы сатып алынды, тәжірибе сатып алынған тауарлар мен қызметтердің сапасыз екенін көрсетті, бұл туралы Мемлекет басшысы өз Жолдауында атап өтті.

Көбінесе бір реттік және ай сайынғы қызметтерді көрсететін өнім берушілер байланысқа шықпайды, қызметтерді үзіліспен көрсетті, сапасыз тауарларды жеткізіп, сол арқылы мемлекеттік кәсіпорындарға, мекемелерге және жалпы мемлекетке зиян келтіреді, өйткені мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелер мемлекет атынан шығып отыр. Тауарлар мен қызметтердің төмен бағалары мен сапасының төмендігі нәтижесінде мемлекеттік сатып алулар туралы шарттар бұзылып, жаңа сатып алу рәсімдері жүргізілді, бұл өз кезегінде мемлекеттік саясаттың күткен нәтижелеріне әкелмеді. Қайта сатып алулар процестері мерзімдердің кешігуіне және қаражаттың

игерілмеуіне әкелді, бұл рейтингтерге, заттық және материалдық емес нәтижелерге ие болған тапсырыс берушінің қажеттіліктерін қанағаттандыруға теріс әсер етті. Аз сомаға сатып алу сапасыз және жосықсыз өнім берушілердің көбеюіне, сондай-ақ қажетсіз әкімшілік істердің туындауына алып келді.

Бұдан бөлек, ашық конкурс тәсілімен жариялау ұзақ уақытты талап етеді және жылдық жоспарда белгіленген қаржыландыруды уақытында игеру қажеттілігін туындауда, сондай-ақ іс шара 22 наурызға жоспарланған.

Заңның 16-бабының 3-тармағының 32-тармақшасында, мәдениет ұйымының, мәдениет саласындағы білім беру ұйымының, телерадио хабарларын тарату операторының сахналық көрсетілімдерді жүзеге асыру, өнер туындыларын көпшілік алдында орындау мен көрсету және мәдени құндылықтарды көрсету үшін тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуы делінген.

Осыған байланысты, **«Таң Баспа Үйі» ЖШС, МӨҚҰ «Норе» , ИП «БИБО и К»** баға ұсыныстарын салыстыру нәтижесінде, Заңның 5-бабының 1-тармағының 1-тармақшасын негізінде, мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны, оның ішінде сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бағасы мен сапасы арақатынасын қамтамасыз ету арқылы оңтайлы және тиімді жұмсау негізінде **«Таң Баспа Үйі» ЖШС.**

Нақты осы өнім берушіні таңдау себептері: ЖШС/ЖК аталған салада 3 жылдан астам уақыт қызмет атқарып келеді. Нарықтағы іскерлік беделі мен тұтынушылар тарапынан берілген пікірлері оң. Кәсіби және тәжірибелі мамандары бар. Сонымен қатар, осы жұмыс/қызмет түрін орындауға қажетті барлық техникалары мен құрал-жабдықтарымен толық қамтамасыз етілген.

Өнім беруші жауапкершілігі жоғары және міндеттемелерін уақтылы әрі сапалы орындайтын субъект ретінде танылған.

Осыған байланысты, жұмыстың сапалы орындалуын қамтамасыз ету және мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын бюджет қаражатын оңтайлы әрі тиімді жұмсау мақсатында аталған өнім беруші таңдалды.

Түркістан қаласы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы **К.Мусагалиев**